

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жылғы 19 сәуір

«ҚазТрансОйл» АҚ сәуір айында "ҚазТрансОйл" АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша қазақстандық мұнайды экспортқа жеткізудің күтілетін өсімі туралы хабарлайды

«КҚК-Қ» АҚ жүйесінен мұнай жеткізуді қайта бөлуге байланысты сәуір айында Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан мұнайды «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы экспортқа жеткізуді ұлғайту күтілуде.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекіткен мұнай жеткізу кестесіне сәйкес, сәуірде Қарашығанақ мұнайын «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі бойынша экспорттау көлемі 154,7 мың тонна, Қашаған мұнайын - 60 мың тонна көлемінде жоспарланып отыр. Қашаған мұнайын «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы Қытай Халық Республикасына экспортқа тасымалдаудың болжамды көлемі 40 мың тоннаны құрайды.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа мына бағыттар бойынша тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесі, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (мұнайды танкерлерге құю), «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т.Қасымов ат. МАС теміржол цистерналарына мұнай құю.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**